



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айқындалған міндеттерді орындау мақсатында және «Рухани жаңғыру» жобасының («Туған жер» арнайы жобасы) аясында Қазақстан-Американдық еркін университеті «Менің Отанымның аңыздары» атты Республикалық Әдеби сайыс өткізетінін хабарлайды.

Сайысқа туған жердің әдемілігін, бірегейлігін және нәзіктігін жырлайтын әдеби туындылар қабылданады. Сайысқа мектеп оқушылары, ТжКБ ұйымдарының және ЖОО-ның білім алушылары қатыса алады. Қатысушылар келесі топтарға бөлінеді:

1. 7-11 жастағы оқушылар (бастауыш мектеп)
2. 12-14 жастағы оқушылар (орта буын)
3. 15-18 жастағы оқушылар (жоғарғы буын)
4. ТжКБ ұйымдарының және ЖОО-ның білім алушылары

Сайыс келесі атаулар бойынша өтеді:

1. Эссе, әңгіме
2. Өлең
3. Ертегі немесе аңыз

Сайысқа қатысу үшін «Менің Отанымның аңыздары» тақырыбына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде бұрын ешқайда жарияланбаған жаңа туындылар қабылданады. Сайысқа бірлескен жұмыстар емес, тек жекелеген шығармашылық жұмыстар ғана алынады. Әр қатысушыдан бірден артық жұмыс қабылданбайды. Жұмыс тек электронды түрде doc, docx, rtf форматында болуы қажет. (Гарнитура Times, 14 – шрифт, 1- интервал, барлық шеттері – 3 см. Жұмыс көлемі екі беттен артық емес)

Сайыста әр жас ерекшелік тобындағы әр номинация бойынша үш жүлделі орын қарастырылған. Жеңімпаздарға «Менің Отанымның аңыздары» Республикалық әдеби сайысының лауреаты атағы және I, II және III дәрежелі дипломдар беріледі.

Сайыс қорытындысы бойынша ең үздік туындылар жинақ болып шығады.

Барлық қатысушыларға сертификаттар электронды пошта арқылы жіберіледі.

**«МЕНИҢ ОТАНЫМНЫҢ АҢЫЗДАРЫ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ӘДЕБИ САЙЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ТАПСЫРЫС**

1. Қатысушының аты жөні, оқу орнының толық атауы, сыныбы (курсы). Әдеби туындыны жазу кезіндегі қатысушының жас мөлшері. Бұл тармақ қысқартусыз толық толтырылады.
2. Қатысушыны дайындаған мұғалімнің немесе оқытушының толық аты - жөні. Бұл тармақ қатысушының қалауы бойынша толтырылады және міндетті емес.
3. Байланысу түрлері (үйдің мекен-жайы, қатысушы оқитын немесе қызмет жасайтын мекеменің пошталық мекен-жайы, телефон (қызметтік және ұялы, үй телефоны қатысушының қалауы бойынша), e-mail, қатысушы мен оның жетекшісінің телефон нөмірлері.
4. Шығармашылық жұмыстың мәтіні жаңа беттен (атауы міндетті түрде). Рәсімдеу үлгісі 1 қосымшада.

Тапсырыс және шығармашылық туынды бір файлда tanya_levina@mail.ru электронды мекен-жай бойынша **2019 жылдың 25 сәуіріне дейін** жіберілуі керек.

Сайысқа тапсырыс және дайын әдеби туындының мәтіні қабылданады. Мәтінсіз тапсырыстар және тапсырысы жоқ мәтіндер қабылданбайды және қарастырылмайды.

Сайыстың қорытындысы **2019 жылдың мамыр айында** қорытындыланып және ЖОО-ның www.kafu.kz/ сайтында жарияланады. Сайыс іштей қатысуды талап етпейді, бірақ дипломдарды тапсыру үшін салтанатты марапаттау рәсімі 2018 жылдың мамыр айында ҚАЕУ- де өткізілуі мүмкін. Сайыстың барлық материалдары әділ қазылар алқасының бағалауынан өтеді.

Сайыс материалдары ұйымдастыру комитетінің шешімімен қағаз нұсқасында жарияланады және ЖОО-ның www.kafu.kz/ сайтына орналастырылады.

Сайысты ұйымдастыру комитетімен байланысу түрлері:

Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, М.Горький к. 76, каб. 112.
Тел. 8 (7232) 50-50-15, 8 (7232) 50-29-41, e-mail, tanya_levina@mail.ru

Электрондық пошта арқылы жіберілетін хаттарға «Тақырып» деген жерге **«ӘДЕБИ САЙЫС»** деп белгілеулеріңізді сұраймыз.

Тақырыпқа сай келмейтін материалдарды ұйымдастыру комитетінің алып тастауға құқығы бар.

ҚОСЫМША 1. ӘДЕБИ ТУЫНДЫНЫ РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ «ЭССЕ, ӘНГІМЕ» НОМИНАЦИЯСЫ

ЕЛ АУЗЫНДА АҢЫЗ БОЛҒАН БАТЫР БАБАМ

Автор - Шұғыла Шамелқан

Қашанда да ел қорғаған батырлар ел аузында қалып отырғаны сөзсіз еді. Ерлігімен, өр мінезімен, әкелген жеңісімен, халық арасындағы беделімен ел жадында қалып отырған. Қазақ халқы осы аталған қасиеттерімен белгілі болған қаншама батырды білетін еді және біледі де. Киелі Жарма жерінде, Ортабұлақ атты елді мекенінде бой көтерген тау ескерткіш те сол күндердің естелігі.

Бұл ескерткіш жайлы айтпастан бұрын, тарихқа көз жүгіртсем, дұрысы сол болар деймін. Қазақ халқының маңдайына оу - бастан ақ көп қиындық жазылған іспеттес. Төперішті көп көрген қайран көнбіс халқым – ау. Не көрмедің, не өтпеді басыңнан. Байтақ далаңа көз тіккен жауың қаншама еді? Ұлыңды құл, қызыңды күң етпекші болған қара ниет жауың қаншама еді? Бірақ, сол көз алартқан жаурыныңның күлін көкке ұшырған батырларды дүниеге әкелген қасиетіңнен айналдым. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен елін қорғаған батырларыңды қарт тарих мәңгілікке ұйықтатқан еді. Сонымен Жарма жерінде тау тұлғалы ескерткіш кімдікі? Сол жайлы сары шертуге кезек келген сияқты.

Ол ескерткіш - Жәнібек Бердәулетұлының ескерткіші. Жәнібек Бердәулетұлы - батыр, шешен болған адам. Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстарға белсене қатысқан, абақ керейлерді Алтай тауының қазіргі Шыңжаң өлкесіне қарасты байырғы мекеніне апарып орналастырған. Есімі абақ керейдің ұранына айналған. Жоңғар шапқыншыларына қарсы соғысқа аттанарда нағашы атасы Қаз дауысты Қазыбек биден бата алады. Бір шайқаста мінген тұлпары болдырып қалған Абылай ханға астындағы көк дөненін түсіп беріп, Абылайды құтқарып қалады, өзі жекпе-жекке шыққан екі қалмақ батырын жеңіп, жаудың бетін қайтарады. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай батырлармен тізе қоса отырып, жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстың аяғына дейін қатынасады. 1731 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайыр Ресей империясының бодандығын қабылдаған кезде Ер Жәнібек керей тайпасын бастап, Сыр бойынан үдере көшіп, Қалба тауына келіп қоныстанады. Осы арадан Алтайдың Ақтау төңірегіндегі бір асуынан жол салып асып барып, өр Алтайды шолып қайтады. Бұл асу кейін «Жәнібек асуы» деп аталып кеткен. 1760 жылы Жәнібек батыр абақ керей руын Алтай тауының қазіргі Шыңжаң өлкесіне қарасты байырғы мекеніне апарып орналастырады. Сөз бастаған шешендігімен, ел бастаған көсемдігімен, жауға шапқан батырлығымен бүкіл абақ керейдің ұранына айналған «Ер Жәнібек» сексеннің үстіне шығып қайтыс болады. Қайтыс болған жері Жарма өңірінің Ортабұлақ ауылының үсті еді. Содан бері екі ғасырдың жүзі болды. Уақыт зырлап өте шықты. Уақыт өтсе де, ел жадында ұлықтаған баба моласы жақында қайта жаңғырып, алып кесене болып бой

көтерді. Тау тұлғалы батыр монументі, екі жағынан күзетіп тұрған алып төбеттері де қараған жанға ерекше әсер ететіні сөзсіз. Өйткені, мұндай бейнелерге қарап, таңырқамау мүмкін емес. Себебі, бұл ескерткіш мызғымас қайсарлық пен ерен ерліктің белгісі екені сөзсіз.

Қорыта келе, мен өзімнің эссемді мына сөздермен аяқтағым келеді. Уақыт пен тарих сан ғасырлар бойы өзінің мәңгі шежіресін жазып келе жатқан қарт сияқты. Таусылмайтын сия толы құтысы мен тозбас парақтарын салалап, бар миығынан күлімсіреп отырған шежіреші қарттың әлі де жазары көп. Тек оны оқып, біліп, есімізде сақтап, келесі ұрпақтарымызға жеткізу - біздің басты міндетіміз екендігін ұмытпауымыз керек. Өйткені, «өткенін білмеген ұрпақтың болашағы - бұлыңғыр» екендігі дәлелдерді қажет етпейтін ақиқат.